

Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің XII пленумының қаулысын большевикше орындайық

Қазақстан Коммунист (большевиктер) Партиясы Орталық Комитетінің жақында болып өткен XII пленумы саяси-шаруашылық маңызы орасан зор мәселелер қарады. Пленум «1944 ауыл шаруашылық жылының қортындылары және республиканың колхоздары мен совхоздарында 1945 жылғы көктемгі егісті өткізуге әзірлік шаралары туралы» және «1944 жылы мал шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік жоспарының орындалу қортындылары және Қазақ ССР колхоздары мен совхоздарында мал қыстатуға әзірліктің барысы туралы» арнаулы қаулылар қабылдады. Бұл қаулылар «Социалистік Қазақстанның» 9 және 10 февральдағы сандарында жарияланды.

Қазақстанның партия, совет, комсомол ұйымдары, жер және дайындау орындары, колхоздары, МТС-тары, совхоздары БК(б)П Орталық Комитетінің 1944 жылғы 1 апрельдегі «Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің жұмысы туралы» тарихи қаулысын іске асыра отырып, өткен 1944 жылы ауыл шаруашылығында бірқатар жұмыстар істеді, осының нәтижесінде өткен жылы жанадан едәуір тың және тыңайған жерлер менгерілді, 1943 жылғы қарағанда мемлекетке астық, мақта, қант қызылшасы және өсімдік көп тапсырылды. Бұл жер дайды Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің XII пленумы атап көрсетті. Қарағанды, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Алматы және Гурьев облыстарының колхоздары мен совхоздары астық тапсырудың мемлекеттік жоспарын толық және асыра орындады. Сондай-ақ республикамыздың совхоздары, өнеркәсіп орындарының көмекші шаруашылықтары да астық дайындаудың жылдық жоспарын едәуір асыра орындап, мемлекетке жоспардан тыс 877 мың пұт астық тапсырды.

Осыған қарамастан, республикамыздың партия, совет ұйымдары, жер орындары өздерінің алдына егіннің барлық түрінің өнімін арттыру жөнінде БК(б)П Орталық Комитетінің 1944 жылғы 1 апрельдегі қаулысында қойылған міндеттердің орындалуын қамтамасыз ете алмады. «Бірсыпра облыстар мен аудандардың, — делінген КК(б)П Орталық Комитетінің XII пленумының қаулысында, — әсіресе Қостанай, Семей, Талды қорған, Шығыс Қазақстан, Ақтөбе және Павлодар облыстарының партия, совет ұйымдарының, жер және дайындау орындарының жұмысты мүлдем қанағаттанғысыз істегендігінен, 1944 жылы астық да йындаудың маңызы ерекше болғанына қарамастан, республиканың колхоздарын тұтас алғанда астық тапсырудың жылдық жоспарын орындамады».

КК(б)П Орталық Комитетінің пленумы «...көп МТС-тарда, совхоздар мен колхоздарда тракторлар, ауыл шаруашылығының тіркеу саймандары, жұмыс көлігі егіс жұмыстары басталғанға дейін кезінде және сапалы әзірленбеді, көктемгі егісте және одан кейінгі егіс жұмыстарында тракторлар мен жұмыс көлігі жұмысты өте өнімсіз істеді, көктемгі егіс басталғанға дейін колхоздардың едәуір бөлегі тұқыммен қамтамасыз етілмеді, егін егудің мерзімі бұзылды, егін арам шөп басым кеткен жерлерге егілді, республиканың бірсыпра МТС-тарында, колхоздары мен совхоздарында жұмыс сапасы төмен болды және ауыл шаруашылық егістерін өсіру жөнінде белгіленген агротехникалық шаралар түгел орындалмады» деп көрсетті. Мұның өзі 1944 жылы егіннен жалпы мөлшерде өнім алуды қамтамасыз ете алмағандымызға негізгі себеп болды. Республикамыздың аудандық, облыстық партия, совет ұйымдары және жер орындарының басшылары, сондай-ақ МТС-тар мен совхоздардың басшылары пленумының бұл нұқауынан тиісті қортынды шығарып, үстіміздегі 1945 жылғы көктемгі егіске әзірленуде және оны өткізуде бұл сияқты өткен жылғы елеулі кемшіліктерді болдырмауға барлық күштерін жұмсауға міндетті.

Қазақ ССР Жер Халық Комиссариаты, КК(б)П-ның көптеген аудандық, облыстық комитеттері мен жер орындары, бірсыпра МТС-тардың басшылары МТС-тардың жұмысын оңдау жөнінде БК(б)П Орталық Комитетінің және КК(б)П Орталық Комитетінің

тінің X пленумы қаулыларын орындамады; осының салдарынан республиканың МТС-тарын тұтас алғанда өткен жылы трактор жұмыстарының жылдық жоспары 82,1 процент ғана орындалды.

Республикамыздың Жер Халық Комиссариаты мен оның жергілікті орындары, КК(б)П облыстық, аудандық комитеттері, облыстық, аудандық атқару комитеттері БК(б)П Орталық Комитетінің 1944 жылғы 1 апрельдегі қаулысына колхоздарда тұқым шаруашылығын оңдау жөнінде де жеткілікті көңіл бөлмеді. Бұл жөнінде, әсіресе Қызыл орда, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Алматы, Талды қорған облыстарының партия, совет ұйымдары суармалы жерлерді және егінге керекті суды дұрыс пайдалану жөнінде БК(б)П Орталық Комитетінің 1944 жылғы 1 апрельдегі қаулысын, сонымен қатар Қазақ ССР Халық Комиссариаты Советі мен КК(б)П Орталық Комитетінің 1944 жылғы 6 майдағы «1944 жылғы егін суару жөніндегі шұғыл шаралар туралы» шығарған арнаулы қаулысын орындамады. Бұған Қазақ ССР су шаруашылығы Халық Комиссариаты мен Жер Халық Комиссариаты да кінәлі. Осының салдарынан суармалы учаскелерде дәнді егістер мен техникалық егістерден өнім жоспарда көрсетілген мөлшерден едәуір кем алынды.

Өткен жылы колхозшылардың еңбек күніне берілген астық мөлшері біраз артса да, дәнді егістердің өнімі төмен болғандықтан БК(б)П Орталық Комитетінің бұл мәселе жөніндегі қаулысы толық орындалмады.

Пленум республиканың барлық партия, комсомол ұйымдарының, совет, жер және совхоз орындарының, МТС-тардың, колхоздар мен совхоздардың алдына мынадай басты міндеттер қойды:

1. Әрбір колхоздың, МТС пен совхоздың 1945 жылғы көктемгі егістің мемлекеттік жоспарын мейлінше сапалы етіп және мейлінше қысқа агротехникалық мерзімде сөзсіз орындауы қамтамасыз етілсін.

2. 1945 жылы барлық ауыл шаруашылық егістерінің, әсіресе дәнді егіс пен қант қызылшасының өнімі мықтап арттырылып, әрбір колхоздың, совхоздың ең кем дегенде жоспарда көрсетілген мөлшерде өнім жыйнайтын болуы көзделсін.

3. Колхоздарға, МТС-тар мен совхоздарға басшылық күшейтілсін, ол басшылық әрбір ауданның, МТС-тың, колхоз бен совхоздың жағдайлары мен ерекшеліктеріне қарай нақты, дербес жүргізілетін болсын, мұнда артта қалған колхоздарды, МТС-тар мен совхоздарды ұйымдастыру-шаруашылық жағынан нығайтуға ерекше көңіл бөлінсін.

4. Колхозшылардың еңбек өнімділігі арттырылсын, колхоздардың қоғамдық өндірісін бұрынғыдан да ұлғайта беру негізінде колхозшылардың жұмысқа заттық жағынан ынтылас арттырылсын, сөйтіп БК(б)П Орталық Комитетінің 1944 жылғы 1 апрельдегі «Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің жұмысы туралы» қаулысының егін шаруашылығы жөнінен толық орындалуына қажетті жағдайдың барлығы жасалсын.

Тракторлардың жұмысты үздіксіз істеуін қамтамасыз ететін шаралардың бірі тракторларды дер кезінде, сапалы етіп жөндеу болып табылады. Солай бола тұрса да көп МТС-тар мен совхоздарда жөндеу жұмысының сапасы төмен болып отыр. Бұл кемшіліктерге ендігі жерде жол беруге болмайды.

Қазақ ССР Жер Халық Комиссариаты мен Совхоздар Халық Комиссариаты, КК(б)П облыстық, аудандық комитеттері, облыстық, аудандық атқару комитеттері, колхоздардың басқармалары мен совхоздардың директорлары колхоздар мен совхоздардың тұқыммен қамтамасыз етілуін тексеріп, олардың әрқайсысында егіс тұқымдарына қуыды аяқтайтын нақты мерзімдер белгілеуге міндетті.

Партия, совет ұйымдары, жер мекемелері және колхоздардың басқармалары, совхоз директорлары 1945 жылғы егіс егілетін жерлерді қыс кезінде мұқият іріктеп алу ісіне ерекше көңіл бөлуге міндетті. (Жалғасы 2-бетте).

16 ФЕВРАЛЬДАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

16 февральда БЫДГОЩ (БРОМБЕРГ) қаласының солтүстік-шығыс және солтүстік жағында әскерлеріміз шабуыл ұрыстары нәтижесінде КЛАЙН, ТАШАУ, ЕШЕВО, ЛЯСКОВИЦ, БУЦИГ, ЛЮДВИГСТАЛЬ, КЛАЙН ГАЦНО, ШМИДЕБРУХ қыстақтарын алды.

ПОЗНАНЬДА ВАРТАНЫҢ шығыс жақ жағалауындағы СЫТАГИН ауданы мен қала маңындағы 4 қыстақты өз қолдарында ұстап тұрған дұшпанның гарнизонын жою жөнінде ұрыстар жүргізілді.

ГРЮНБЕРГ қаласының батыс жағында әскерлеріміз шабуыл жасай отырып, БОБЕР өзеніне жетті, сөйтіп 50ден аса елді жерлерді, оның ішінде РОТЕНБУРГ, ТИМЕНДОРФ, РУСДОРФ, ДОЙЧ ЗАГАР, КОССАР, ВЕЙСИГ РЕЙХЕНАУ үлкен қыстақтарын алды. 15 февральда ГРЮНБЕРГ қаласының оңтүстік жағындағы ауданда әскерлеріміз немістердің 1500 солдатты мен офицерін қолға түсіріп, 350 зеңбірек 1500 зеңбірек және миномет құндағын, 1500 ауыр пулемет және көптеген оқ-дәрі қойған зеңбірек складын қолға түсірді.

БРЕСЛАУ (БРЕСЛАВЛЬ) ауданында әскерлеріміз қалаға солтүстік, батыс және оңтүстік жақтан шабуыл жасап, БРЕСЛАУ (БРЕСЛАВЛЬ) қаласын қорғап тұрған дұшпанның әскер тобын қоршауға алуды аяқтады. Шабуыл ұрыстарының барысында әскерлеріміз бұл ауданда 200ден аса елді жерлерді, оның ішінде ХУНДСФЕЛЬД, ДОЙЧ, ЛИССА, ВАНЗЕН қалалары мен МАРГАРЕТ, ДРАХЕН, БРУНН, ЗАКРАУ, ПАШКЕРВИЦ, ШЕБИЦ, ШЕНГАРТЕН, ДОБРЮКК, КЛЕТТЕНДОРФ, КАТТЕРИ, КРАФТБОРН үлкен қыстақтарын алды.

БУДАПЕШТІҢ солтүстік-батыс жағындағы ормандарда әскерлеріміз қаланың батыс жақ бөлегінен шығып кетіп, орманда қоршауға алынған және кіші-гірім бөлшектерге бөлініп тасталған дұшпанның әскер тобын жоюды аяқтады. 15 февральда бұл ауданда әскерлеріміз дұшпанның 3400ден аса солдатты мен офицерін қолға түсіріп, жаудың ұрыс даласында қалып қойған 200 пулеметін, 4000 винтовкасы мен 1500 автоматтың жыйнап алды.

Майданның басқа учаскелерінде барлау жүргізілді және бірсыпра жерде жергілікті маңызы бар ұрыстар болды.

15 февральда барлық майдандарда немістердің 170 танкі қыйратылды, жойылды. Әуе ұрыстарында және зеңіт зеңбіректерімен дұшпанның 39 самолеті атып түсірілді.

Познань қаласында әскерлеріміз дұшпанның қоршауға алынған гарнизонын жою жөнінде ұрыстар жүргізді. Немістер Цитаделіге, сол сияқты Варта өзенінің шығыс жақ жағалауындағы қала маңындағы қыстақтарға бекініп, қасарыса қарсылық жасауда. Совет жаяу әскерлері мен артиллерияшылары дұшпанның атыс бекіністері мен адам күштерін жою отырып, бір үйден соң екінші үйді жаудан тазартуда. Күнтөздік ішінде 1000дай гитлершілдер қырғынға ұшыратылды. Жаудан 78 пулемет, 3000 винтовка мен автомат, соғыс мүлкі қойған екі склад, 3000 снаряд және 2000 қолғап таталары қолға түсірілді. Немістердің 550 солдатты мен офицері қолға түсірілді.

Грюнберг қаласының батыс жағында әскерлеріміз шабуылды дамытуда болды. Дұшпан тас жолдар маңына көптеген зеңбіректері мен зеңіт зеңбіректерін, атыс бекіністерін топтандырып, қарсылық жасау торабын құрды. Немістер әсіресе жол тораптарында күшті бекіністер жасады. Совет жаяу әскерлері мен оларға жәрдемдесуші артиллерияшылар орағыта әдіс жасап, дұшпанның қорғанатын тіректі бекіністерін қоршауға алып, оларды жоюда. Әскерлеріміз ұрыс сала отырып, 20 километр алға басты, сөйтіп кен майданда Бобер өзенінің төменгі шөбіне жетті. Совет бөлімдері табан тірескен ұрыстардан кейін, Одер өзенінің солтүстік жағындағы жаудың Ротенбург күшті тіректі бекінісін алды. Немістердің бұл бекіністері солтүстікке қарай бағытталған болатын. Әскерлеріміз бұл үлкен қыстаққа оңтүстіктен және оңтүстік-шығыс жақтан шабуыл жасады. Көше ұрыстарында жаудың гарнизоны толық талқандалды. Жаудан көп олақа қолға түсірілді.

Бреслау (Бреславль) қаласы ауданында кескілескен ұрыстар болды. Әскерлеріміз Бреслаудың солтүстік-батыс және оңтүстік-шығыс жағындағы табан тірейтін шептерден шабуыл ұрыстарын ойдағыдай жүргізу нәтижесінде немістердің бұл аса күшті тіректі қорғану бекінісі және ірі өнеркәсіп орталығы толық дерлік қоршауға алынды. Дұшпанның қолында тек ені 8 километрлік алаң ғана қалды. Немістер Бреслау Франкенштайн темір жолы мен тас жолынан қайткен күнде айрылып қалмауға тырысты. Совет бөлімдері жауға үш жақтан қуатты соққы беріп, гитлершілдердің қарсылығын жеңді, сөйтіп бүгін Бреслау қаласын гөлік қоршауға алуды аяқтады. Әскерлеріміз табысты дамыға отырып, 200ден аса елді жерлерді алды, сөйтіп немістерді Бреслаудың солтүстік-батыс жағында 7 километр жердегі Дойч-Лисса қаласынан және Бреслаудың оңтүстік жағында 6 километр жердегі Каттери қыстағынан қуып шығарды. Бір күнгі ұрыстарда немістердің 37 танкі, 16 бронетранспортері мен 50 зеңбірегі жойылды.

Әскерлеріміз Будапештің солтүстік-батыс жағындағы ормандарда қаланың батыс жақ бөлегінен шығып кетіп, орманда қоршауға алынған және кіші-гірім бөлшектерге бөлініп тасталған немістердің әскер тобын жоюды аяқтады. Қолға түсірілген неміс солдаттарының көпшілігінен алтын сағаттар, алтын және күміс қасықтар тағы басқа заттар табылды. Немістер бұл заттардың бәрін Будапешт қаласының тұрғын адамдарынан тартып алған көрінеді.

Соңғы күндері әскерлеріміз Шығыс Пруссияда немістердің көп офицерлерін қолға түсірді. Олардың көпшілігі өз бөлімшелеріндегі солдаттармен бірге қолға берілді. Немістердің 286-күзет дивизиясындағы 927-полктің штабы қолға түсірілді. Жаудан қолға түсірілген адамдардың ішінде полк командирі майор Вильгельм Фоссе және оның атқосқысы обер-лейтенант Клаус Зейде бар. Обер-лейтенант Клаус Зейде былай деді: «Полк штабы дивизия командованиесмен және өзінің бөлімшелерімен байланысынан айрылып қалды. Біз орманға қарай зыттық, онда үш күн бойына адасып жүріп, қолға түстік».

286-дивизияның қолға түсірілген лейтенанты Рихард Мюллер мынаны мәлімдеді: «Қатты ұрыстардан кейін кіші-гірім бөлшектерге бөлініп тасталған солдаттардың шағын топтары дивизияның шақыру пунктіне жыйналды. Мені жыйнады ротаның командирі етіп тағайындады. Солдаттар қашып кетпеу үшін командование олардың белгі қойылған солдаттық кітапшаларын алып қоюға бұйырды. Бұдан ешдене шықпады. Менің қойны-қонышым кітапшаға лық толды. Алайда менің бөлімшемде бірде-бір солдат қалған жоқ. Олардың барлығы қашып кетті. Мен өзім де қолды бірақ сілтеп жүре бердім. Мен орыстардың алдынан шығып оларға қолға берілдім».

Екінші бір учаскеде немістердің запастағы 400 батальонының командирі лейтенант Гельмут Пауль 76 солдатпен бірге қолға берілді. Қолға берілген лейтенант мынаны айтты: «Шығыс Пруссияда қоршауға алынған неміс бөлімдерінде тәртіпсіздік етек алды. Командование ақырғы солдат қалған ша кері шегінбеу жөнінде бұйрық берді. Алайда бұл бұйрықты орындауға ешбір мүмкіншілік жоқ. Бұдан әрі қарсылық жасай берудің пайдасыз екендігін солдаттардың өздері көріп отыр. Олардың көпшілігі жай азаматтардың киімдерін киіп алып, менің бұйрықтарымды орындаудан бастартты. Бұлардың бәрін көргеннен кейін және 1945 жылғы январьда өз басымнан кешірген оқиғалардан кейін мені бұдан әрі қарсылық көрсете беруден ешбір мағына шықпайтындығына көзім жетті. Өз батальонымның қалдықтарын жыйып алып, мен қолға берілдім».

ССРО және Француз республикасы арасында одақтасу және өзара көмектесу туралы Шартты бекіту грамоталарын ауысу

ПАРИЖ, 15 февраль. (ТАСС). Бүгін Парижда ССР Одағының Франциядағы Төтенше және Полномочилі елшісі А. Е. Богомолов пен Француз республикасының Сыртқы Істер Министрі Жорж Бидо мырза Советтік Социалистік Республикалар Одағы мен Француз республикасы арасында

одақтасу және өзара көмектесу туралы 1944 жылғы 10 декабрьде Москвада қол қойылып, 1944 жылғы 22 декабрьде Францияның Уакытша Үкметі, 1944 жылғы 25 декабрьде ССР Одағы Жоғарғы Советінің Президиумы бекіткен Шартты бекіту грамоталарын ауысты.

Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің XII пленумының қаулысын большевикше орындайық

(Басы 1-бетте).

Әрбір колхозда және совхозда қай егістің қай жерге егілетіні көрсетіліп, карта жасалуы хажет.

Аудандар мен облыстардың партия, комсомол, совет ұйымдары, жер және совхоз орындары, колхоз басқармалары 1945 жылғы егіс жұмыстарына жұмыс көлігін үлгілі әзірлеу мәселесіне ерекше назар аударулары керек. Сондай-ақ жегу әбзелдерінің, мойын ағаштарының дер кезінде жөнделіп дайын етілуі қажет.

Қысқы агротехника шараларының іске мүлтіксіз асырылуына мұхият болу керек.

ҚК(б)П Орталық Комитетінің пленумы аудандық партия комитеттері мен аудандық атқару комитеттеріне, МТС-тар мен совхоздардың директорлары мен колхоз басқармаларына көктемгі егіс жұмыстары басталудан 15 күн бұрын әрбір колхоз бен совхозда көктемгі егістің жұмыс жоспарлары жасалуын аяқтауды міндеттеді. Бұл жоспарлар колхозшылар мен совхоз жұмысшыларының өндірістік мәжілістері мен жалпы жиылыстарында талқылануға тиіс.

Жер Халық Комиссариаты мен Совхоздар Халық Комиссариаты, облыстық, аудандық партия комитеттері мен облыстық, аудандық атқару комитеттері егіс жұмыстары басталғанға дейін колхоз председателдері мен егіс бригадаларының бригадирлері, звено бастықтары, басқа да кадрларды даярлау, олардың білімін көтеру жөніндегі жоспардың толық орындалуын қамтамасыз етуге тиіс.

Қазақстан Орталық Партия Комитетінің XII пленумының «1944 ауыл шаруашылық жылдың қортындылары және республиканың колхоздары мен совхоздарында 1945 жылғы көктемгі егісті өткізуге әзірлік шаралары туралы» қаулысы бүкіл Қазақстанның партия, комсомол, совет ұйымдарының және жер орындарының жұмыс программасы болып табылады. Бұл қаулы партия, комсомол жиылыстарында, колхоздардың, МТС-тар мен совхоздардың жұмысшылары, мамандары мен қызметкерлерінің жалпы жиылыстарында кеңінен талқыланып, бұл қаулыны іс жүзіне асыру жөнінде нақты шаралар белгіленуге тиіс.

«Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің пленумы партия, комсомол, совет ұйымдарына, жер және совхоз орындарына, МТС-тардың, совхоздардың директорларына, колхоз басқармаларына социалистік жарысты кең өрістетіп, колхозшылар бұхарасын, МТС-тар мен совхоздардың жұмысшылары мен мамандарын жұмылдыру негізінде былайғы жылы көктемгі егістің ойдағыдай өткізілуін, ауыл шаруашылық егістерінің бөрінен мол өнім алуын, мемлекетке астық тапсыру міндеттемесінің орындалуын, колхозшылардың еңбек күніне астықтың көп берілуін қамтамасыз етуді, сөйтіп Қазақ ССР-нің 25 жылдығын зор табыстармен қарсы алып, неміс басқыншыларды бір жола талқандау жолында ерлік күрес жүргізіп жатқан Қызыл Армияның ерлік жеңістеріне жаңа табыстармен жауап беруіне міндеттейді». (Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің XII пленумының қаулысынан).

(«Социалистік Қазақстанның» басмақаласы).

Мерекені зор табыстармен қарсы алмақ

Петропавл темір жол станциясының паровозшылары февраль айының өндірістік жоспарын 135 процент орындауға бір ауыздан міндеттеме алған болатын. Паровозшылар өздерінің бұл міндеттемелерін мүлтіксіз орындау үшін барлық мүмкіншілікті пайдаланып, деңгей көлемінде күнделік жұмыс мөлшерін үнемі 150—200 процентке дейін орындауды қамтамасыз етті.

Бас машинист Ефимов жолдастың басқаруындағы паровозшылар бригадасының мүшелері Қызыл Армияның 27 жылдығын өндірістік зор табыстармен қарсы алу үшін еңбек өнімін бұрынғыдан 20 процент арттырып, поездың техникалық жүру жылдамдығын сағатына 2—3 километр арттырды.

Бас машинист Чевычалов жолдастың бригадасы майдан талабына сай жұмыс істеп жүр. Бригаданың қарамағындағы паровоздар үш айдан бері бірде-бір рет жөндеу де болған жоқ. Бригада мүшелері поездың жүру шапшаңдығын барған сайын арттырып, жарты айда 8 тонна көмір үнемдеді. Көмекші машинист Полежакин жолдас поездың тәуліктік жүру шапшаңдығын 800—850 километрге дейін жеткізді.

АҚЫНДАР АЙТЫСЫ

Галым МАЛДЫБАЕВ

Республикамызда екі жылдан бері ақындар айтысы өткізіліп келеді. Алған тәжірибеге қарағанда, халық ақындарының аудандық, облыстық және республикалық айтыстарының жұмысымызға көп әсер еткені көрінді. Ақындар айтысында республикамыздың Қарағанды, Балқаш сыяқты өнеркәсіп орындарының, колхоз, совхоздарының табыстары ортаға салынып, жұмыстағы елеулі кемшіліктерді жою жолы жиырма айтылды. Көп жерлерде айтыстың қозғауы мен социалистік жарыс, стахановтық қозғалыс өрістей түсті.

Ақындар айтысы қазақтың ауыз әдебиетінің, көркем өлең, сұлу жырларының теңізін тасыта түсті. Ақындар айтысы қазақ даласына да, халқымызға да ерсі емес, қайта, төл аттың көзіндей тән нәрсе. Қазақ халқының ауыз әдебиетінің ақындар аузында ұзақ жыл өмір сүріп келе жатқандығын еліміз жақсы біледі. Бұған өзіміз өсіп, өнген Есіл өзенінің екі бетіндегі ақындардың өзі-ақ айғақ бола алады. Осыдан 200 жылға жуық бұрын өткен Шал ақынның тамаша жыры әлі-кір шалмастан келе жатқан жоқ па.

«Өлеңге тоқталмайды Шал дегенін,
Қойға пана болмайды тал дегенін,
Таң атпай жалаң аяқ тоқты арқалап,
Хан ата, қымбат па екен мал дегенін»

деп 14 жасында Уәли ханды тоқтатқан Шал ақынның бір ауыз өлеңі әлі күнге дейін жыр болып, ел аузында сақталып жүр емес пе? Сар қараны әнімен аспанға көтерген Ақансері, Біржансай, Орынбай, Торған, Ыбырай әлі күнге өлеңнің үлгісі. Айтыстың желісін тартып кеткен де солар. Сондықтан да сол ақындардан бізге қалған ән-өлең, айтыс—өшпес мұра, әдебиет тарихында асқан бел.

Халық ақыны болсын, жазушы ақын болсын, қайсысы болса да өз дәуірінің жыршысы. Оның сайраған тілі, тасыған жыры өз заманының бейнесін көрсететін айна. Бүгінгі біздің айтыс жарысына қосылған сайлақтарымыздың да жүрегі өз заманының алуан асуы үшін соғатыны айдан ашық. Олардың шырқап шыққан үні қызыл ерлердің найзасымен араласа, жаудың жел кесін қиятын айбарлы қару.

Облысымызда халық ақындарының айтысы өткізілгені отыр. Совет өкметі орманынан бері облысымызда тұңғыш рет ұйымдастырылған айтыс та осы. Рас, ақындық өкінішті бірінші қолынан келе бермейтін өнер. Әресе өлеңмен айтысу өте қиын. Өйткені өткір сөзге, терең мағналы сұрауға, көркем тілмен тезбе-тез жауап бере қою оңай емес. Бірақ та шын жүйрік мүдірмейді, қынаптағы өткір қылыштай сіл теген жерді тіліп өтеді.

Облысымызда осы айтысқа белді бекем буып, шаршы топқа түскен балуандай «мен мұнда» деп шыға келетін ақын бар ма? Көп алдында қасқайып отырып, аталы сөз, үлгілі жырды түйдектейтін топ жарған ақын да табыла ма? Бұл сұрауға жауап: бар, табылады. «Алуан-алуан жүйрік бар, әліне қарай жүгіреді» деген сыяқты халқагеріне қарай көркем жыр шығара білетін ақындарымыз бар дейміз.

Қазақ мақалында «жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» деген нақыл бар ғой. Сол айтқандай жұртшылығымыз білетін, газет, кітап жүзінде аты әйгілі болып келе жатқан ақын Молдақмет Тырбиұлы біздің облысымызда. Молдақмет халық ақындарының өткен жылы астанамызда болған республикалық айтысына қатынасып, бәйгеге атшапан алып келген болатын. Оның бойындағы дарыны тек суырып салма ақындығы ғана емес, ол өткен ғасырдың ақындарының өлең-әндерін бойына сақтаған

адам. Онан соң, көріп-біліп жүрген ақынның біреуі—Ленин ауданындағы Бөкет ақсақал. Қарт Бөкет жасында Ыбырай ақынға, Дос кейге, Ақансеріге үзегілес жолдас болған кісі. Ол атақты Қожамбет ақынмен ауылдас болған. Бөкет халық жырын көп білуден қатар, бас қосқан жерде суырып салма өлеңді де ертеден қолға алған ақын. Оның бойындағы қымқалығы сол, ол хат танымайды. Бұған әрине, Бөкет кінәлі емес, қазақ баласын ол күнде оқытаған патша өкметі кінәлі. Міне бұл екі ақынды да жұртшылық жақсы біледі. Ал енді, даңқы шықпаған, әлі шаршы топқа түспеген ақындарымыз да бар. Әзірше біз білетін ақындар Октябрь ауданы, Ленин атындағы колхоздың мүшесі Ергали Асылтайұлы. Ергали ат жалын тартып мінгеннен бастап, өлең, ән шығарып, ауजार, беташар айтуға машықтанып, домбыра мен сұлу хиссаға ертеден дос болған адам. Ол жасынан өлеңді көбінесе жазып шығарумен шұғылданған. Арапша хатты оқый-жаза білгендіктен әзіл, наз, достық шөпш на өлеңдерді жазатын болған. Ол сынау, мінеу, сықақ өлеңдерді табан аузында суырып салатын ақын. Шал ақынның, Ақансерінің, Қожамбеттің, Торғанның өлеңдерінен жыйнаған бірсыпыра еңбектері бар. «Мансұр қожа» атты тарихи хиссаны түгел біледі. Сол сыяқты, осы аудандың «Социалистік» колхозында ақын Сейдахмет Мұсабайұлы бар. Оның ата-бабасы домбырашы, әнші, ақын болған. Атасы Ыбырай ақынды Құдайберді, Бөйімбет деген ел түгел біледі. Өлеңді жазып шығаруға бұ да шебер. Сейдахмет «Көрғұлы» хиссасын жатқа біледі.

Расын айту керек, осы аталған ақындардың қайсысына болса да әлі күнге дейін жол-жоба көрсетіп, жазу тәртібі жөнінде кеңес берген адам болған жоқ. Бар ақынды қатарға қоса алмаған кінәні мойын дауымыз керек. Басқа облыстармен қатар түсе қалғанда біздің Солтүстік Қазақстан облысы қазақтың көркем әдебиет жағынан да, көркем өнер жағынан да олқы екенін жасыра алмаймыз. Бұл кемшілікті тез түзеу керек. Ашық айтсақ, аудандардың кейбір жауапты қызметкерлері ауданда бар ақындарды тиісті орындарға білдіруді де білмейді. Кейде «ол ақын ба еді?» деп шүбәленетін де көрінеді олар. Бұған кейбір аудандарда ақындар айтысына осы күнге дейін көңіл бөлінбей келе жатқандығы дәлел бола алады.

Сөз жоқ, облысымызда бар болғаны төрт ғана ақын емес, тағы да табылады. Әйелдерден, жастардан шыққан ақындарды әйгілей білу керек.

Ақындар айтысының өту тәртібіне келгенде, айтыс ең алдымен колхоз, совхоздарда өнеркәсіп орындарында өтуі керек. Содан кейін облыс орталығында өткізілуге тиіс. Айтыс үстінде оны басқарып жүрген жолдастар ақындардың дәбізі шығармалық жағынан көркем, саяси жағынан тиісті дәрежеде болуына ерекше көңіл бөлуі керек.

Ақындар айтысы Отан соғысы майданындағы қызыл ерлерге, еңбек майданы қызметкерлеріне, колхоз, совхоз, МТС және өнеркәсіп орындарының жұмысына әсерлі көмек беретін айтыс болсын. Айтыс үстінде өлеңші-домбырашылардың ән-күйі, бишілердің бні айтыстың той бастары сыяқты болып табылады.

Облысымызда айтыстың нәтижелі болуы оның жақсы ұйымдастырылуына, жұртшылық болып атсалысуына байланысты. Міне сонда ғана ақындар айтысы ойдағыдай нәтиже беретін болады.

Черчилльдің, Иден мен Александердің Афиныға, «елуі»

ЛОНДОН, 15 февраль. (ТАСС). Рейтер агенттігінің Афиныдан берген хабары бойынша, мұнда Черчилль, Иден және Александер келген. Черчилль Конституция алаңында сөз сөйлеп, соғыста қатты күйзеушілік көрген халықтар—жеңімпаз халықтар қоғамында Грецияның өзіне тиесілі орын алатындығына сенім білдірген.

БАТЫС ЕВРОПАДАҒЫ СОҒЫС ҚЫЙМЫЛДАРЫ

ЛОНДОН, 16 февраль. (ТАСС). Одақтардың Европадағы әскерлерінің жоғарғы командованиясі штабының хабарында былай делінген: одақтастар әскерлері Клевенің солтүстік-шығыс жағында (Германияда) Варгейенді алып, Рейнге қарай алға ілгеріледі. Рейхсвальд орманының оңтүстік жағында одақтастар Нрис өзені бойында өткел аузындағы бекіністерін кеңейтіп, Кесельді (Рейн облысы) алды.

Экспернах (Люксембург) ауданында да одақтастар әскерлері алға басты. Хатенаудың батыс жағындағы Эльвастың солтүстік жағында душпанның Модер өзенінен өткізгі болып жасаған өрекеті тойтарылды. Страсбург және Савери ауданында одақтастар әскерлері 13 февральда жаудан 1499 адамды қолға түсірді.

Одақтастар авиациясы жаудың соғыс орындарына шабуыл жасауда болды.

Одақтастар авиациясының Германияға ірі шабуылы

ЛОНДОН, 15 февраль. (ТАСС). Рейтер агенттігінің хабары бойынша, 14 февральға қараған түнде, ағылшынның 1400 бомбашы Германияға шабуыл жасаған. Шабуыл негізінен Дрезденге жасалған. Американың 1300ден аса бомбашылары 900ден аса истребительдерді ертіп шығып, Дрездендегі, Хемнице мен Магдебургтегі тасымал және өнеркәсіп орындарын бомбалаған.

ЛОНДОН, 16 февраль. (ТАСС). Авиация министрлігінің хабары бойынша, 15 февральға қараған түнде ағылшынның 1300ден аса бомбашысы Лунсбургке, Маинце, Нюрнберг пен Дессауға шабуыл жасаған. Бомбашыларға ерлі шыққан түнгі истребительдер душпанның аэродромдарына шабуыл жасаған.

Рейтер агенттігінің хабары бойынша, Американың 1100ден аса бомбашылары 450ден аса истребительдерді ертіп шығып, кеше күндіз Дрезденге және Одердегі Дрезден-Фриксфурт темір жолының маңызды торабы Коттбуска қайтадан шабуыл жасаған. Магдебургтағы қолдан жанармай өндіретін завод та бомбалаған.

Америка авиациясының Жапонияға еселеп шабуыл жасауы

ВАШИНГТОН, 16 февраль. (ТАСС). АҚШ-тың Тынық мұхиттағы флотының штабы мынаны хабар етті: Тынық мұхит флотының қуатты соғыс эскадрасы қазіргі уақытта авиацияның жүйімен Токиодағы және оның төңірегіндегі авиация заводтары мен басқа соғыс орындарына шабуыл жасауда.

ЛОНДОН, 16 февраль. (ТАСС). Рейтер агенттігі, Американың қуатты эскадрасы қатарындағы авианосецтермен Токио ауданына 1500ден аса самолет жөнелтілгендігін хабар етті. Мұнымен қабат, соғыс кемелері мен авиация Хонсюдің оңтүстік жағындағы (Жапониядағы негізгі арал) аралға оқ жаудырып, бомбалады. Бұл шабуылдың мақсаты Жапония аралдарының ішкі қорғаныс бекіністерінде жаңадан күшті ұрыс қыймылдарын жүргізуге әзірлік жасау болса керек.

ТОКИО, 16 февраль. (ТАСС). Жапонияның императорлық ставкасы, Жапония теңіздеріне келген Американың соғыс эскадрасының бүгін авианосецтерден ұшып шығып қыймыл жасаушы самолеттердің күші мен Канто ауданы мен Сидзубика (Хонсю аралы) төңірегіне шабуыл жасағандығын хабар етті. Қатарында 30 соғыс кемесі, оның ішінде линкорлар мен авианосецтер бар екінші бір эскадра Иводзима аралына оқ жаудырма.

Жауапты редактор

Ө. ОСПАНОВ.

Жыйнақ кассаларының Басқармасы жақын арада Алматы қаласында аудандық жыйнақ кассаларының бас бухгалтерлерін, бақылаушылар мен инспекторларын дайын дайтын курске оқушылар қабылдайды. Адрес: Ленин көшесі 28-үй.